



KAZAKH AREL KHAN UNIVERSITY
OF INTERNATIONAL RELATIONS AND
DIPLOMACY

Тіл әлемі Мир языков

15 января 2016 г., №1 (150)
Издается с апреля 1997 года

15 қаңтар 2016 ж., №1 (150)
1997 ж. сәуір айынан бастап шығады

Бұл санда:
В номере:

*Поздравительное слово Ректора - 1 стр.
РУМС, посвященный проблемам реализации трехязычия - 1 стр.
Педагогика және психология кафедрасы ДӨНГЕЛЕК ҮСТЕЛ - 2 бет
Егемен елдің кемеңгер басшысы - 3 бет
Қазақ хандығына 550 жыл - 4 бет*

Уважаемые коллеги и сотрудники университета! Вот и закончился 2015 год. Для нашего коллектива это был год непростой, но насыщенный по содержанию. Немало достижений мы можем отметить, в числе которых специализированная аккредитация образовательных программ по журналистике, международному праву, маркетингу, ГиМУ, экономике, туризму и социальному сервису. Знаменателен этот год и тем, что получены лицензии на 4 специальности магистратуры: «Международное право», «Маркетинг», «Государственное и местное управление», «Экономика». Получены лицензии для бакалавриата: специальности «Связь с общественностью», «Ресторанный и гостиничный бизнес», «Маркетинг», «Мировая экономика». По результатам рейтинга QS мы сохранили место.

ППС нашего вуза, реализуя образовательные программы, используют необходимые методы и формы обучения, обеспечивающие социально и научно-значимые результаты подготовки кадров. Образовательные программы работают на компетентностный результат: обучающиеся могут применять эти знания и понимание на профессиональном уровне. 2015 год прошел и он останется воспоминанием в нашей жизни. Все, что мы можем сделать сейчас – это проанализировать все наши ошибки и победы, сделать правильные выводы и на основе их построить свою жизнь в наступающем году.

Уважаемые коллеги! Поздравляю вас с Новым 2016 годом! Пусть новый год будет годом новых побед над собой и грандиозных позитивных изменений в жизни.

Мечтайте, ставьте смелые цели и всегда двигайтесь вперед.

Главное — каждый день делать хотя бы маленький шаг вперед навстречу мечте, и тогда она обязательно осуществится!

Пусть этот год принесет вам огромное количество тепла и света, море счастья и улыбок, а также несметное количество удачи, а в вашем доме пусть живут только положительные эмоции, как и в нашем общем доме – университете. Пусть следующий год станет для нас вестником счастья, радости и достижения желанных целей.

На будущее возьмем виды,

Ведь ход часов, увы – неумолим!

Пусть новый год будет наполнен яркими событиями и приятными впечатлениями.

Будьте здоровыми, любимыми и успешными!



Ректор КазУМОиМЯ имени Абылай хана С.С. Кунанбаева

У нас в
«alma-mater»

РУМС, посвященный проблемам реализации трехязычия

В рамках УМО РУМС по группе специальностей «Иностранные языки» на базе КазУМОиМЯ им. Абылай хана проведен семинар «Проблемы реализации трехязычия в вузовском образовании Казахстана». Рассмотрены проблемы трехязычия в условиях социокультурной трансформации современного общества. Обсуждены с вузами-участниками форума перспективы дальнейшего развития трехязычия в Республике Казахстан.

С докладом на тему «Реализация требований содержания языкового ГОСО «ЯЗЫКИ ТРИЕДИНСТВА (казахский, русский и иностранный языки) ГОСО РК 6.08.085-2010». выступила зам.председателя УМО РУМС проф. Кульгильдинова Т.А.

В докладе были освещены вопросы содержания трехязычного образования с позиций триады «Язык-культура-личность», с учетом социокультурной трансформации языкового сознания обучаемых. Докладчик остановился на вопросах признания языковых компетенций в национальных системах высшего образования. Было отмечено, что компетентностное развитие языкового образования в стране имеет научную и нор-

мативную платформу, реализация которой должна проводиться повсеместно.

Алметова А. зав. каф. Казахской филологии выступила с докладом «Үштұғырлы тіл саясаты және үштілді қатар меңгерту мәселесі». Основные тезисы ее доклада опубликованы в газете Айкын, декабре 2015 года. Ею отмечены социально-педагогические факторы актуализации полиязычного образования. Затронуты проблемы преемственности полиязычного образования между уровнями образования (школа-колледж-вуз). Обозначила проблемы профессиональной подготовки специалистов в условиях полиязычного образования и пути их реализации.

Декан факультета Международных отношений профессор Раев Д.С. выступил с докладом «Үш тұғырлы тіл саясаты – еліміздің Ұлы мақсаттарға жету стратегиясы». Он рассмотрел языковую политику как предмет социологического анализа. Отметил влияние многоязычия, трехязычия, двуязычия на языковую ситуацию государства. Выдвинул идею, что развитие государственного языка как вопрос национальной безопасности, социальной стабильности и интеллектуальной развитости

страны. Поделится опытом реализации трехязычия на факультете.

Проф. Артыкбаева А.К. в докладе «Қазақстан қоғамын жаһандандыруда көптілділіктің алатын орны» рассмотрела языковое многообразие в эпоху глобализации. Ею были поставлены задачи формирования личности нового типа, способной к межкультурной коммуникации и диалогу культур.

Артамонова О.Н. ст. преп. ТарГУ им. Дулати раскрыла проблемы реализации полиязычия в их университете. Подчеркнула роль УМО РУМС по группе специальностей «Иностранные языки» на базе КазУМОиМЯ имени Абылай хана в решении проблем. Отметила, что проводимые на базе КазУМОиМЯ им. Абылай



хану 2 провели носители языка, приглашенные преподаватели из-за рубежа, работающие на протяжении 2-3 лет в этом университете. Материалы форума будут опубликованы. Заявка принимается до 17 января 2016.

Начальник УУМО
Кульгильдинова Т.А.

Педагогика және психология кафедрасы ДӨНГЕЛЕК ҮСТЕЛ

Абылай хан атындағы Қазақ Халықаралық Қатынастар және Әлем Тілдері Университетінің педагогика және психология кафедрасының ұйымдастыруымен 18.12.2015 ж., сағ. 14:00 «Этнопедагогика: өткені, бүгіні, болашағы» тақырыбындағы дөңгелек үстел өткізілді.

Дөңгелек үстел педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор Жалғасова Шолпан Әбілқызының 70 жылдық мерейтойына арналды.

Дөңгелек үстелге университет проректорлары, педагогикалық факультет ұжымы, ғалымның курстас және сыныптас достары, ізбасарлары мен оқушылары қатысты.

Дөңгелек үстелді педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі Сақыпжамал Асқарқызы Ұзақбаева жүргізіп отырды. Профессор «Ұстаз тәлімінің сыры» атты баяндамасында профессор Ш.Ә.Жалғасованың өмірбаянына, ұстаздық қызметіне, ғылыми еңбектеріне талдау жасады.

Университет тарапынан стратегиялық даму жөніндегі проректор А.Н. Саханова Шолпан Әбілқызына ректордың арнайы құттықтауын жеткізіп, өткізіліп отырған дөңгелек



үстелдің университет үшін маңыздылығына тоқталды. Оқу-әдістеме басқармасының төрайымы Т.Ә. Кульгильдинова Шолпан Әбілқызын құттықтап, оқу орнында жұмыс атқарып келе жатқан жылдардағы оқытушылар арасындағы беделін атап көрсетті.

Сөз алған Педагогикалық факультет деканы Ислам А. «Этнопедагогика – ұлттық рухани мәдениеттің негізі» атты баяндама жасай отырып, Шолпан Әбілқызын мерейтойымен құттықтап, ыстық лебізін білдірді. Құттықтау сөздерді әрі қарай мерейтой иесінің шәкірттері, курстас достары және ізбасарлары жалғастырды.

Дөңгелек үстел барысында Этнопедагогиканың өткені, бүгіні, болашағы жайлы, яғни ұлттық рухани мәдениет, халық педагогикасының қазақ қыздары тәрбиесіндегі тәлімдік тағылымы, қазақ шешендік өнері төңірегінде маңызды мәселелер талқыланды.

Отырысты қорытындылаған мерейтой иесі Шолпан Әбілқызы келген қонақтарға ризашылығын білдіріп алғыс айтты.

Пед.ғыл. магистрі, аға оқытушы Сарқанбаева Г.К.
Пед.ғыл. магистрі, аға оқытушы Абилова З.Т.
Педагогика және психология кафедрасы

хана мастер-классы по обмену инновационным опытом в области иноязычного образования являются замечательным подспорьем для ППС других вузов.

В целом в коммуникативная площадка по обмену опыта преподавателей и специалистов различных учебных заведений (12 вузов) обозначила перспективу такого взаимодействия.

Было проведено 5 мастер-классов, из

Егемен елдің кемеңгер басшысы

*Ауыр күнді артымызға тастауы,
Қиын сәтте қиындықтан қаишауы.
Тілім, дінім, ұлтым қайта көгерген,
Елбасымыз Нұрағанның бастауы
Туды ұстап тура жолға түсіріп,
Жас Отанның өмірін де түсініп,
«Елім, жерім» деп ұрандап тайсалмай,
Бір керемет жасады-ау кісілік!*

деп бір ақын жырлағандай дүниежүзілік картасынан орын алған Қазақстан атты жас мемлекеттің Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев-артынан ерген халықтың сеніміне ие болған, әлемге өзінің мықты саясатымен танымал болған тұлға.

Қазақстан - өз ұлты, діні, тілі, халқы, мәдениеті, тарихы, салт-дәстүрі бар құдіретті ел. Қазіргі таңда Қазақстан Республикасы Қазақ елінің соңғы жиырма төрт жыл тұтқасын ұстап, туын көтерген тұрлаулы да тұғырлы тұлғасы - Елбасымыздың билігін мойындап, бүкіл әлемге атымыз шыққан мемлекетке айналдық. Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев - қазіргі заманның көрнекті саясаткер, елімізге индустрияландырудың жаңа жобасын өмірге әкеліп, оны келешекке бағыттап берген тұлға, қиын уақытта халықпен бірге болған, онымен бөліскен, кемеңгер, қасиет дарыған қайраткер. Еліміз елдігін көрсетіп, ерлігін танытты. Қазақ халқы егемендігін алып, Тәуелсіздікке қол жеткізіп, біртұтас жұдырықтай ел бола алдық. Бірақ бұған күмәнданған жандар да болғаны сөзсіз. Дегенмен, ар-намысты ту еткен Елбасымыз бен үкімет басындағы кісілер ел үшін талмай еңбек еткені, осы күннің жемісі болып отыр.

Президентіміз жайлы Аман Төлеуің сөздері менің көңілімнен шықты. Ол: «Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев өте көреген, әріден ойлайтын саясаткер. Бұл кісі жігерлі әрі айбарлы адам. Мен оның көрегендігін ұнатамын. Бұл кісі шебер шахматшы секілді бәрін де алдын ала есептеп, нағыз жүрістерді таңдай алады», - деп әділ бағасын берді.

Жақында біздің университет Президент күніне орай шағын концерт ұйымдастырды. Концерт қызық әрі жоғары деңгейде өтті. Залда отырған бүкіл студенттерге бұл іс-шара көңілінен шықты. Көрермендерге біздің өнерлі студенттертеріміз әртүрлі халықтардың билерін билеп, осымен біздің президентіміз бастаған саясатының толерантқа бағытталғанын көріп отырмыз. Сонымен қоса, кітапханашы Райхан апайдың ұйымдастыруымен Тұңғыш Президент күніне арналған арнайы бұрыш жасалды. Бұл бұрышта Елбасының өмірбаяны туралы кітаптар, Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың жазылған еңбектері қойылған.

Мен Қазақстан жерінде туып-өсіп және осы жерде білім алып жатқанымға қуанышым шексіз. Қазақ жерін, адамзат басына, бүкіл әлемге аты әйгілі болған Елбасымыздың барына мақтанамын! Күнделікті ақпарат көздерінен халқы үшін оның қажырлы еңбектерін, өз ұлтына, яғни барлық қазақстандықтарға ақыл-парасатымен, оның халықаралық деңгейдегі беделінің зор екенін көріп отырмыз. Әрбір шыққан сапары, талмай еңбек еткені, әрине бұл ел қамы үшін. Сондықтан жас

ұрпақ бір жұдырықтай алдымызға арман, мақсат қойып, соған жетудің жолын іздеп, кіндік қанымыз тамған туған жерімізді көркейтіп, биік жерден көрінуіміз алдағы біздің мақсатымыз!

Біздің Елбасымыз қазіргі өсіп келе жатқан жастарға үлгі. Себебі, біз білетініміздей, президентіміз қарапайым қазақ отбасында туып-өсіп, өз еңбегімен, талпынысымен осындай биік әрі әлемге атақты дәрежеге жетті. Оның өмірлік ұстанымы, ғажайып парасаты мен пайымы, ұлт жандылығы жас ұрпақ біздер үшін өнеге.

Бүгінгі күн – қазақ елінің шежіресінде мәңгі енетін күн. Жылдың соңында Елбасы халыққа кезекті Жолдауын арнаған болатын. Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Жолдауы – егемен еліміздің тұрақты дамуын қамтитын, мемлекетіміздің барлық саласына серпін беретін, халқымыздың игілігін көздейтін шынайы іс – жоспарға құрылған шын мәніндегі тарихи құжат. Ең жақсы жоспар – уақыт талабына бейімделе алатын жоспар. Біз де заманның беталысына қарай межелерімізді белгілеп, жоспарларымызды жөндеп отырамыз. Біздің мақсатымыз – елі бақытты, жері гүлденген қасиетті Отанымыз Қазақстанды «Мәңгілік Ел» ету! Әлемдегі ең дамыған 30 мемлекеттің қатарына қосылып, бай да қуатты елдермен иық түйістіру. Біз бұл мақсатымызға міндетті түрде жетеміз,- деп сөз кезегін бастады.

Жолдауда Мемлекет басшысы дағдарысқа қарсы стратегия, жаңа жаһандық нақты ахуалдың сын қатерлері, Қазақстанның дағдарысқа қарсы мүмкіндіктері деген мәселелер жайында, сонымен қатар Нұрсұлтан Назарбаев Еліміз қазіргі таңда күрделі кезеңдермен қақтығысып жатқаны туралы айтты. Соның бірі бүкіл әлемдік дағдарыстың әсері бізге үлкен кері ықпалын тигізіп отыр. Елбасымыз айтқандай, мұндай қиын жағдайларға алаңдаудың қажеті жоқ, себебі халқымыз бұданда ауыр күндерді бастан өткізген. Дегенімен, жаһандық дағдарысқа қарамастан, екі жыл бұрын жарияланған «Қазақстан-2050» Стратегиясы орасан зор жетістікке жетті. Осы қиындықтардың бәрі уақытша, өтеді де кетеді. Ел тәуелсіздігі, ұлт мұраты, ұрпақ болашағы сияқты ұлы құндылықтар ғана мәңгі. Елбасымыз дағдарысқа қарсы және құрылымдық жаңарулардың бес бағытын ұсынып, оны алдағы уақытта жүзеге асыру қажет екенін айтты. Олар:

Қаржы секторын тұрақтандыру
Бюджет саясатын оңтайландыру
Жекелендіру және экономикалық бәсекелестікті ынталандыру
Жаңа инвестициялық саясаттың негіздері
Жаңа әлеуметтік саясат.

Қазақстан – рухы, еңбегі ерен, бірлігі мығым ел. Тәуелсіздіктің туын желбіретіп, тұғырын нығайтқан біздің тарих алдында жүзіміз жарқын! Біздің тірегіміз – тәуелсіздік, тілегіміз – тұрақтылық, білегіміз – бірлік!

«Мен халқыма сенемін. Көк байрағымыздағы алтын қыранбай еліміз қанатын кеңге жайып, асқар биіктерден көрінсін! Барды бағалап, жоқты жасай білген жасампаз жұртымыздың көк байрағы әрдайым биікте желбіресін!»

Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев

«Қазақ хандығына

550 ЖЫЛ»



кешенді процесін іске асырған.

Қазақ хандығымен дипломатиялық қарым-қатынас орнатқан алғашқы ірі мемлекет Ресей мемлекеті болды. Осы сәттен бастап Қазақ хандығы Батыс Еуропаға белгілі болды.



Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев “Нұрлы жол – болашаққа бастар жол” атты халыққа жолдауында 2015 жылы қазақ хандығының 550 жылдығы тойланатыны туралы мәлімдеді. Елбасымыздың осы шешімі бүкіл халықтың, ғылыми зиялы қауымның сонымен қатар Қазақстан Республикасының әр азаматының және де алыс жақындағы қазақ азаматтарының қызығушылығын тудырды.

Бұл Қазақ елінің бірінші хандары Жәнібек пен Керей бастаған қазақ хандығының құрылуының тарихи маңызы зор кезеңі болып табылады. Мемлекет ретінде Қазақ хандығының негізделуі және ерекше аталып тойлануы Қазақстан тарихының алғашқы беташары. Дегенімен, бұл қазақ елінің тарихы осы сәттен басталады деген сөз емес, Қазақстанның тарихы сақ, ғұн, түрік және Алтын орда кезінен бастаған ұлы тарихқа бай. Бірақ, Жәнібек пен Керей хандарымыздың көші арқасында халқымыздың қазіргі заманғы аты қалыптасты. «Қазақ» (қазақ) терминінің шығу уақыты XV ғасырдың соңы сондықтан, біз үшін бұл күн өте маңызды болып табылады.

1465 жылы Қазақ хандығының құрылуы Қазақстан тарихында бетбұрысты сәт болды. Қазақ хандығы - Орталық Азиядағы қазақтардың алғашқы мемлекеті, осы себептен бұл тарихи оқиғаның еліміз үшін әлеуметтік және саяси маңыздылығы орасан зор.

Атап өтетін болсақ, Қазақ хандығы бастапқыда Шу және Талас алқабы Батыс Жетісу аумағын иеленген. Қазақ хандығы Орталық және Оңтүстік Қазақстаннан қоныс аударған қазақ тайпаларын және байырғы тайпаларды біріктірген. Осы тарихи жағдайларда, Жетісуда Қазақ хандығының пайда болуы табиғи объективті акт болып табылады.

XVI ғасырдың келесі онжылдығында Қазақ хандығы экономикасын нығайтты және географиялық этникалық аумағын кеңейтті. Ол Батыс Жетісудан басқа, Оңтүстік Қазақстанның қалалары, Қаратаудың жазық алқаптары, Сырдарияның төменгі ағысы және Арал теңізінің солтүстік өңірі, Орталық және Батыс Қазақстанның едәуір бөлігін қамтыды. Осы уақытта, біздің ата-бабаларымыздың көптеген тайпалық бірлестіктері қазақ ұлтын қалыптастыруда

Нұрсұлтан Назарбаев «Тарих толқынында» атты кітабында өте дәл және терең тарихи тұрғыда жаңа мемлекет және қоғам құру мақсаттары мен нәтижелерін бағалады. Елбасымыздың пайымдауынша: халықтың тарихын есте сақтаусыз ұлтты қалыптастыру және дамыту мүмкін емес. Менің ойымша, мемлекет басшысының осы сөздері, бізге яғни еліміздің азаматтарына тікелей жолданған. Бұл сөздер өткен тарихимызды терең түсінудің кілті болып табылады. Қоғам және мемлекет тарихсыз болуы мүмкін емес. Қазіргі таңда Қазақстанда жасалынып жатқан барлық іс шаралар тарихимызды мәңгі сақтап қалу үшін жүргізілуде. Кітаптар мен оқулықтар, жарияланған мақалалар, «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясында түсіріліп жатқан фильмдер барлығы болашақ ұрпаққа мұра ретінде жасалынып жатқаны анық.

Елбасымыздың қатысуымен 2010 жылдың 1 мамыр күні Астана қаласында Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті Музейінің алдында Керей мен Жәнібек хандарымыздың қола ескерткіші қойылған болатын. Бұл ескерткіштің қойылуы ұлы бабаларымыздың батырлық және даңқты істеріне үлкен құрмет болып табылады.

Бүгінгі таңда Қазақстан бүкіл әлемге танымал. Тәуелсіздік және мемлекет ұғымдары бір бірімен өте тығыз байланысты синонимдер және біздің еліміздің батырлық тарихы бар, даңқты бүгінгі мен жарқын болашағын түсіну кілті болып табылады.

Қазақ хандығының 550 жылдығына арналған мерей той әрбір Қазақстанның патриоттық сезімін нығайтуға үлес қосқаны және ел тарихына деген болашақ ұрпақтың қызығушылығын арттырғанына көзім жетті деп айтсам артық емес.

Магистратура,
6M021000 - Шетел филологиясы
Парменқызы Ажар

Общая редакция – ректор КазУМОиМЯ им. Абылай хана, д.филол.н., профессор, член-корреспондент НАН РК, С.С. КУНАНБАЕВА

Главный редактор – начальник управления УМО, д.ф.н., Т.А. КУЛЬГИЛЬДИНОВА

Редакционная коллегия: Дизайн, верстка КЫНЫРБЕКОВ Б.С.

Учредитель – АО «Казахский университет международных отношений и мировых языков» имени Абылай хана

Газета зарегистрирована в Национальном агентстве по делам печати и массовой информации Республики Казахстан

Подписано в печать: 15.01.2016 г., Заказ № 998. Тираж 100 экз.

Отпечатано в «ИПЦ» КазУМОиМЯ им. Абылай хана, г. Алматы, ул. Муратбаева, 200